

human remains with the DNA profiles of their family members. Large databases of both types of DNA profiles are compared using specialized ICMP software, which allows for the identification of individuals with a very high level of statistical confidence [4,5].

ICMP uses a specialized data processing system to store and analyze information about missing persons and their families, including their genetic data. This system, the iDMS (Integrated Data Management System), is hosted on ICMP's own servers at its headquarters in The Hague. It contains the register of missing persons and related information, information and DNA samples from the families of missing persons, data on forensic archaeological operations and the recovery of human remains and evidence, anthropological examinations and case descriptions, laboratory DNA processing, DNA profile databases, and DNA matching information. There is a high degree of control over access to confidential information. Each user has access only to authorized parts of the database, and confidential data is stored and analyzed in an anonymous, encoded form at many stages of the process [4].

Conclusions. Today, in Ukraine, there is a clear need to expand cooperation between Ukrainian and foreign specialists/organizations in the issue of identification of missing persons. There are several international organizations in the world that help to identify missing persons, including ICMP (International Commission on Missing Persons), which has been noted for its assistance to many countries, introduces the most modern technologies in its practice, has a high degree of control over access to confidential information, and which can therefore provide significant assistance in identifying many missing Ukrainian citizens.

LIST OF REFERENCES

1. <https://youcontrol.com.ua/data-research/znyk-i-ne-znaydenyyak-zminiualasia-kilkist-znyklykh-bezvisty-do-ta-pid-chas-viyny/>
2. <https://missingpersons.icrc.org/search-process/tracing-and-registration>
3. <https://www.interpol.int/News-and-Events/News/2021/INTERPOL-unveils-new-global-database-to-identify-missing-persons-through-family-DNA>
4. <https://www.icmp.int/>
5. Carratto, T. M. T., Moraes, V. M. S., Recalde, T. S. F., Oliveira, M. L. G., & Teixeira Mendes-Junior, C. (2022). Applications of massively parallel sequencing in forensic genetics. *Genetics and molecular biology*, 45(3 Suppl 1), e20220077. <https://doi.org/10.1590/1678-4685-GMB-2022-0077>

КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ ИДЕНТИФИКАЦИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

Шакенов А.О., з.ғ.к., профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Елде шиеленіс пен криминалдық белсенділіктің күшеюі, сондай-ақ ұйымдасқан қылмыстық құрылымдар мен олардың техникалық арсеналының өсуі жағдайында криминалистикалық әдістер мен технологияларды қолдану қылмысқа қарсы күрестің неғұрлым тиімді тәсілдерінің біріне айналуға. Ел ішіндегі де, одан тысқары жерлердегі де тәжірибе кейбір жағдайларда қылмыстық топтардың құқық қорғау органдарын қоса алғанда, құқық тәртібі күштерінен техникалық жағынан басымдығы елеулі болып табылатынын көрсетеді. Сондықтан қылмыс сияқты қоғамға қарсы элементтерге қарсы уақытылы әрекет ету үшін қылмысқа қарсы іс-қимылдың озық жүйелерін енгізуді қоса алғанда, алдын алу шараларын қабылдау аса маңызды.

Қазіргі заманғы қылмысқа қарсы күрестің тиімділігін арттыру шарттарының бірі білікті, жан-жақты және терең теориялық әзірленген ғылыми база құру болып табылады. Оған сүйене отырып, құқық қорғау органдарының қызметкерлері қалыптасқан жедел жағдайға сәйкес қылмыстарды анықтауға, ашуға, тергеуге және олардың алдын алуға байланысты

барлық күрделенетін міндеттерді шеше алар еді. Осыған байланысты отандық криминалистика мен сот сараптамасы өздерінің әзірлемелерімен құқық қорғау органдарының практикалық қызметін бағыттауға ғылым ретінде әрқашан алғы шепте. Бұл үшін әлеуетті ресурстар мен мүмкіндіктер бар. Олар, атап айтқанда, криминалистикалық идентификация сияқты ғылым деректерінің маңызды саласымен тікелей байланысты.

Адамды идентификациялау криминалистика мен сот сараптамасының басты міндеттерінің бірі болып табылады. Қазіргі уақытта құқық қорғау қызметінің адамның жеке басын идентификациялаудың нақты әдістерін кеңінен күнделікті практикаға енгізудегі қажеттілігі едәуір өсті. Криминалистикалық идентификация теориясы туралы айтар болсақ, бүгінгі таңда бұл бағыт жетекші және неғұрлым әзірленген бағыттардың бірі болып табылатынын атап өткен жөн. Дәл осы криминалистика шеңберінде 1879 жылы А.Бертильон ұсынған антропометриялық әдістерден бастап, адамның ДНК-талдауына дейін теңдестірудің көптеген әдістері әзірленді [1].

Генотипоскопия әдісін пайдалану қылмыстарды ашу және тергеу кезінде туындайтын көптеген проблемаларды шешуге ықпал етеді. Мәселен, оның көмегімен мынадай мәселелерді айқындау мүмкін:

- нақты адамнан қанның, сперманың және басқа да кейбір объектілердің шығу тегін анықтау;
- егер қылмыстарды бір адам жасаса (оқиға орнында биологиялық тегі бар, мысалы сперма іздерін қалдырса), ол істі бір өндіріске біріктіруге;
- зорлауды жасауда күдікті адамнан жүктіліктің басталмағанын анықтауға;
- биологиялық тектес аралас іздер табылған жағдайларда оқиғаларға нақты қатысушылардың санын белгілеуге;
- бөлшектеніп табылған мәйіт бөліктерінің бір немесе әртүрлі мәйіттерге жататынын анықтау;
- нақты ер мен әйелдің баланың ата-анасы бола алатынын анықтау және тағы басқа.

Алайда жоғарыда айтылғандардың барлығы, ДНК фрагменттерінің молекулярлық-генетикалық талдауы - идентификациялау кезеңдерінің бірі ғана, және түпкілікті нәтиже шығару үшін алынған деректердің статистикалық талдауы – яғни, анықталған локустардың кездесуі жиілігінің есебі қажет. Бұл қылмыскер мен күдіктінің генотиптері сәйкес келген кезде ерекше маңызды.

Қазіргі кезде жақсы дамыған және адамның жеке басын теңдестіруде қолданылатын дерматоглифика медицинаның маңызды бағыты болып табылады. Дерматоглификалық зерттеулер туралы айтар болсақ, бастапқыда «дерматоглифика» терминін 1926 жылы антропология қажеттілігі үшін Харольд Камминс пен Мидло ұсынғанын атап өткен жөн. Олар дерматоглифті адам мен приматтардың саусақтарының, алақандары мен табандарының эпидермалдық үлгілерінің жиынтығы деп түсінді. 1926 жылдың сәуірінде американдық анатомдар қауымдастығының 42-ші жыл сайынғы сессиясында «Дерматоглифика» термині пайдалануға енгізілді. Халықаралық номенклатураға сәйкес алақан дерматоглифтерінде басты алақан сызықтарының бағыты (Камминс индексі), шатыраралық аралықтардың өрнектері, осьтік және гипотенарлық трирадиустар, тенар аумағындағы ақаулы өрнектер, папиллярлық сызықтардың дисплазиялары және басқа да белгілер ерекшеленеді. Олар антропологияда, адам мен приматтардың анатомиясында қолданылады.

Бірақ екі ғылым да саусақтар мен алақандарды зерттеуде алынған ақпаратты белсенді пайдаланады. Криминалистика мұндай ақпаратты дактилоскопия, ал антропология мен медицина дерматоглифтер деп атайды. Олардың әрқайсысы әртүрлі мақсаттарды көздейді: криминалистика – идентификациялауды, теңдікті анықтау; медицина - дерматоглифтер клиникалық медицинада қосымша генетикалық маркер ретінде қарастырылады. Мұнда 180-нен астам элемент пайдаланылады, бұл сараптамалық зерттеулердің идентификациялау мүмкіндіктерін арттыра отырып, теңдестіру өрісін едәуір кеңейтеді. Егер дактилоскопия папилляр өрнектердің құрылымын зерттесе, дерматоглифика морфологияның (сыртқы

құрылымы) ағзаның ішкі ортасымен (эндокриндік, иммундық жүйелермен және т.б.), ұлттық, нәсілдік және басқа да факторлармен байланысын зерттеумен айналысады.

Дерматоглифика деректерін криминалистикаға және сот сараптамасына интеграциялау адамның жеке басын идентификациялау кезінде мынадай артықшылықтарды пайдалануға мүмкіндік береді: туыстықты анықтау; бойын, жынысын белгілеу; жасырын генетикалық аурулардың болуы, сондай-ақ аурулардың жекелеген түрлеріне бейімділігі; психологиялық қасиеттерін тану (диагностикалау); белгілі бір кәсіптерге, шығармашылық немесе күштік қызмет түрлеріне бейімділік және т.б..

Адамның жеке басын теңдестірудің осы мүмкіндіктері қазіргі заманғы қауіпсіздік жүйелерінде де пайдаланылады. Қазіргі уақытта қауіпсіздіктің заманауи жүйесін биометриялық технологияларсыз елестету мүмкін емес. Сондықтан қылмысқа қарсы күрестегі басқа да перспективалы бағыттармен қатар биометрика сияқты сала аса ерекшеленеді. Бұл ғылым физикалық сипаттамаларды өлшеу және адамның жеке мінез-құлық қасиеттерін қалыптастыру әдістерін және оларды адамды идентификациялау немесе аутентификациялау үшін пайдалануды білдіретін білім саласы ретінде сипатталады [2].

Әрбір адамның биометриялық деректер мен мінез-құлық сипаттамаларының бірегей жинағы бар екені белгілі. Бұл жағдай биометриялық параметрлердің физиологиялық және мінез-құлық топтарын бөліп көрсететін бірқатар биометриялық әзірлемелерде көрініс табады. Физиологиялық топқа адам қолының және ондағы қан тамырларының орналасуы жатады; саусақ іздерінің папилляр өрнектері; көз қарашығының суреті; көздегі қан тамырларының өрнегі; дауыс; бет әлпетінің формасы мен термограммасы; ДНК. Мінез-құлық тобына қол қою немесе кодтық сөзді жазу түрі мен сипаты, сондай-ақ клавиатурамен жұмыс істеу тәсілі жатады.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы биометриялық технологияларды дамытудың негізгі бағыттары ретінде ішкі және сыртқы көші-қонды реттеу, шекаралық бақылау, қылмыскерлердің жеке басын идентификациялау, сондай-ақ терроризмге және экстремизмге қарсы күрес салалары болып қала береді.

Заманауи инновациялық технологияларды дамыту арқылы полицейлерге қылмыстарды ашу үшін жаңа мүмкіндіктер ашылууда. Осылайша, еліміздің құқық қорғау органдары, оның ішінде Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету Тұжырымдамасының жобасы шеңберінде қоғаммен әріптестікте 2024-2028 жылдарға арналған компьютерлік-техникалық зерттеулер мен ИМ-де бұрын жүргізілмеген жеке тұлғаны биометриялық идентификациялаудың заманауи жүйелерін жедел-криминалистикалық бөлімшелердің қызметіне енгізуді көздеп отыр. Өткен жылы осы ведомствода жұмыс істей бастаған Digital Crime Lab сандық криминалистикалық лаборатория сандық іздерді қолдану арқылы жасалған қылмыстарды тергеуге арналып, оның көмегімен компьютерлік-техникалық зерттеулер және жеке адамдарды идентификациялау жүйелер арқылы іске асырылады. Компьютерлік-техникалық зерттеулердің мақсаты компьютерлік құралдарды, электрондық ақпарат тасымалдағыштарды, бағдарламалық қамтамасыз етуді, байланыс құралдарын және арнайы құрылғыларды (ұялы телефондар, планшеттер, органайзерлер және т. б.), ақпаратты автоматты өңдеу құрылғыларын (серверлер) және телекоммуникациялық жабдықты зерттеу арқылы деректерді алу болып табылады.

Зерттеу объектілеріне мыналарды жатқызуға болады:

– аппараттық объектілер – негізгі блоктары (жүйелік блоктар, мониторлар), ішкі тораптары, бөлшектері, жинақтауыштары және тағы басқалар бар дербес компьютерлердің (үстел үстінде тұратын, портативті, қалтаға салып жүретін және т.б.) әртүрлі түрлері, оның ішінде ойын ойнауға арналған жабдықтары;

- бағдарламалық объектілер – дербес компьютерлер мен жергілікті желілерге арналған түрлі операциялық жүйелер; қолданбалы бағдарламалық өнімдер (жалпы мақсаттағы қосымшалар: мәтіндік және графикалық редакторлар, деректер базасын басқару жүйелері, электрондық кестелер және т. б.), оның ішінде ойын қосымшалары;

– мультимедия нысанындағы мәліметтер.

Тиісті ведомство мамандарының айтуынша, бұл бағдарламалық-аппараттық кешендер мен бағдарламалық қамтамасыз етулер, егер сапалы фото -, бейнематериалдар ұсынылса, ақпаратты қалпына келтіруге, сондай-ақ құқық бұзушылық жасаған адамдарды анықтауға мүмкіндік береді [3].

Сонымен қатар қылмыстарды ашу мен тергеудің қазіргі заманғы тәжірибесіндегі негізгі бағыт ретінде криминалистика шеңберінде психологиялық ғылымның мүмкіндіктерін пайдалануды, атап айтқанда психологиялық портретті жасауды бөліп көрсету қажет. Криминалистикада қылмыскердің психологиялық портреті туралы ілімнің қазіргі жағдайының толық мазмұндалуының бірі В. А. Образцовқа тиесілі. Оның ойынша, психологиялық портрет ретінде «адамды анықтау және іздестіру тұрғысынан маңызды, ақпараттық модельдердің үш түрінен тұратын адамның психологиялық және өзге де белгілері туралы мәліметтер жүйесі» түсініледі. Олардың кейбіреулерінде іздестіріліп отырған субъектінің белгілері туралы шынайы (оң) дерек бар (мұндай модельдер жәбірленушілердің, қылмыс куәгерлерінің айғақтары, процестік негізде жиналған өзге де деректер негізінде қалыптастырылады). Енді біреулері тексеруді қажет ететін болжамдардан тұрады. Және, ақыр соңында құрамдастырылған модельдер, яғни біреулер туралы шынайы деректі және енді біреулер жайлы болжамды деректерді қамтыған [4].

Құқық қорғау органдарында ол туралы мәліметтер болмаған немесе олар жеткіліксіз болған кезде анықталмаған қылмыскердің жеке басы криминалистік модельдеу объектісі болуы мүмкін. Бұл жағдайда қылмыс жасау тәсілі, қылмыстық әрекет тетігі және тағы басқа туралы қолда бар ақпараттың негізінде, сондай-ақ қалдырылған материалдық және идеалдық іздер бойынша анықталмаған қылмыскердің жеке басының моделін, яғни оның психологиялық портретін жасауға болады. Психологиялық портрет модель бола отырып, анықталмаған қылмыскердің жеке басының жекелеген қасиеттері туралы криминалистік маңызы бар ақпарат жүйесін білдіреді, ол арқылы оны іздеу бағыттарын айқындауға, сондай-ақ оның одан әрі мінез-құлқын болжауды жүзеге асыруға болады.

Жоғарыда баяндалғанды түйіндей отырып, криминалистикалық идентификация теориясы мен практикасын талдау басқа ғылымдардан криминалистикаға және сот сараптамасына білімді интеграциялау және қарқындату процесінің жалғасатынын көрсетіп отырғанын атап өткен жөн. Бұл оларды дамытудың қазіргі заманғы кезеңіне негізделген табиғи процесс болып табылады, және де қылмыстарды ашу, тергеу және алдын алу кезінде құқық қорғау органдарының алдында тұрған міндеттер кешенін шешу қажеттілігі өзекті болып қала береді.

Қоғам дамуының қазіргі жағдайларында бұрын криминалистикалық идентификация саласында жасалғандардың көбін, біздің ойымызша, қылмыстық сот ісін жүргізуге көптеп тартуды, бұрын белгісіз болған зерттеу объектілерін және ғылыми-техникалық прогрестің жаңа жетістіктерін қайта ойластыруды қажет ететінін атап өткен жөн. Бұл идентификация теориясының кейбір ережелері өзінің белгілі бір бөлігінде бүгінгі күннің шындығын көрсетпейтіндігімен түсіндіріледі. Осыған байланысты адамның жеке басын идентификациялау және осы негізде адамның жеке басы туралы ақпаратты жинау кезінде кешенді тәсілді әзірлеу кезінде негізгі мүмкіндіктерді жария ету міндетін қою талап етіледі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Шакенов А.О. Криминалистика: Оқулық. – Астана: Фолиант, 2008. – 464 б.
2. Кухарев Г.А. Биометрические системы: методы и средства идентификации личности человека. – С.-Пб.: Политехника, 2001. – 240 с.
3. В Казахстане открылась первая криминалистическая цифровая лаборатория — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://khabar.kz/ru/news/nauka-i-obrazovanie/item/149912-v-kazakhstane-otkrylas-pervaya-kriminalisticheskaya-tsifrovaya-laboratoriya>.

4. Образцов В. А., Богомолова С. Н. Криминалистическая психология: методы, рекомендации, практика раскрытия преступлений: учебное пособие. – Москва: Закон и право: ЮНИТИ-ДАНА, 2002. – 447 с.

АЛДЫН АЛУ: ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС ӘДІСТЕРІНІҢ БІРІ РЕТІНДЕ

Сапаров Б.Ж., PhD, ABAI UNIVERSITY, Алматы қ.

Бұл жұмыстың мақсаты жастарды Қазақстан Республикасының экстремистік және террористік қызметпен байланысты құқық бұзушылықтар мен қылмыстар үшін жауапкершілік туралы заңнамасымен, сондай-ақ ҚР терроризм мен экстремизмге қарсы күрес саласындағы басқа да алдын алу шараларымен таныстырудың маңыздылығын көрсету болып табылады.

Қазіргі әлемде экстремизм мен терроризм ҚР ұлттық қауіпсіздігіне нақты қауіп төндіреді. Бұл мәселе Қазақстан үшін де, бүкіл әлем үшін де өзекті, сондықтан осы «аурудың» алдын алу маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Ағымдағы жылдың наурыз айының 22 күні сағат 20:00 шамасында Мәскеу қаласындағы «CROCUS CITY HALL» концерт залында теракт болғанын атап кету керек [1], аталған лаңкестік оқиғаның салдарынан қаза болғандар саны 144, оның ішінде қайтыс болған балалардың саны 6 дейін өсті және жарақат алғандар саны 551 адам, оның ішінде 15 бала [2].

Жоғарыдағы аталған лаңкестік оқиғаға байланысты, 23 Наурыз күні Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Мәскеудегі «CROCUS CITY HALL» концерт залында болған террорлық әрекетке байланысты Қауіпсіздік Кеңесінің мүшелерімен жиын өткізді. Кездесуде Тоқаев терроризмге қарсы күресте азаматтардың қауіпсіздігін және Қазақстанның басқа елдермен және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету шараларын күшейтуді тапсырды [3].

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің қауіпсіздік кеңестері хатшыларымен кездесуінде, Халықаралық терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелерін бөлек қарастырамыз. Әрине, мұнда біз саяси ерік-жігер көрсетуге тиіспіз. Солайша бірге екенімізді танытып, ең бастысы, тиімді әрекет етуіміз керек. Қазақстан бұл игі іске өзінің елеулі үлесін қосады. Бұған сенімді болыңыздар [4].

2023 жылғы статистикасы бойынша, экстремизм мен терроризмге қатысы бар 122 адамның ісі сотқа жолданған, анықталған тұлғалардың 3/1 лаңкестік әрекетті ашық түрде насихаттапты. Былтыр сотқа дейін тергеудің бірыңғай реестрінде экстремизм мен терроризмге қатысты 208 қылмыс тіркелді, бұл алдыңғы жылдан 6 пайызға көп, әсіресе, әлеуметтік, ұлттық, тектік және діни негіздегі араздықтың үлесі артқан [5].

Нақты терроризмді ашық насихаттаудың басым көрінісі Астанада байқалды. 50 жағдай тіркелді. Бұл алдыңғы көрсеткіштен 30 пайызға көп. Осы тізімді Алматы қаласы, Атырау және Жамбыл облыстары жалғайды. Құқық қорғаушылар 153 экстремистік материал тәркілеген. Оның дені кітап не ақпараттық парақшалар [5].

Экстремистік және террористік қызмет ұғымдары өте ауқымды, бірақ олар «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы №31 Заңында және «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі №416-І Заңында нақты жазылған.

Экстремизм терроризмнің идеялық және рухани тірегі болғандықтан қауіпті. Экстремизм өзінің жоғары мақсатына жеткенде, ол терроризмге, яғни ашық зорлық-зомбылыққа айналады.

Ақпараттық технологиялардың дамуы кезінде әлемдік қоғамдастық террористік және экстремистік ұйымдар тарапынан үлкен ақпараттық қауіпке тап болды. Интернетті пайдаланушылардың негізгі бөлігі – 14 жастан 20 жасқа дейінгі жастар, олар жас